

Акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 374 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 қазандағы № 879 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 879 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 399-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 25 маусымдағы
№ 374 қаулысымен
бекітілген

Акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу қағидалары 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 399-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және акцизделетін тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде тауарларды (бұдан әрі – тауар) әкелу тәртібін айқындайды.

2. Халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін шет елдерден және халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, техника, құрал-жарақтар, жабдықтар, медициналық және дәрілік заттар, өзге де мүлік түрінде Қазақстан Республикасына өтеусіз берілетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті ұйымдар арқылы бөлетін мүлік гуманитарлық көмек болып табылады.

Тасымалдаушы кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізетін, тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген тұлға гуманитарлық көмек ретінде тауарларды алушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссия шетелдік гуманитарлық көмекті алуға және пайдалануға байланысты мәселелер бойынша тиісті ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады.

2-тарау. Гуманитарлық көмек ретінде тауарларды әкелу тәртібі

3. Гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауар тұтынушы үшін қауіпсіз болуы және Қазақстан Республикасында қолданылатын санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларға және гигиеналық нормативтерге, карантиндік фитосанитариялық, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу шарттары Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

4. Қазақстан Республикасының аумағына дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу шарттары денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

5. Гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауар, оны алушыға іс жүзінде беру сәтіне дейін шетелдік заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылады.

6. Гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарларға қатысты 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 147-бабына сәйкес кедендік операциялар бірінші кезектегі тәртіппен жасалады.

7. Тауарларды гуманитарлық көмек ретінде әкелу кезінде:

1) тауарларды гуманитарлық көмек ретінде жолдануын растайтын (оның ішінде шет тілінде жасалған) тауарды жөнелтушінің құжаты немесе гуманитарлық көмек ретінде – өтеусіз негізде тауарды әкелу мақсатын көрсете

отырып, тауарды әкелу туралы дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің немесе консулдық мекемелердің, немесе халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің, өзге де ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің растаулары;

2) шеңберінде тауарларды гуманитарлық көмек ретінде әкелу жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының халықаралық шартының көшірмесі (болған кезде);

3) тауарларды әкелу мақсаты және оның алушысы туралы, сондай-ақ күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сілтеме туралы (болған кезде) ақпарат қамтылған тауарға ілеспе құжаттар табыс етіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 25 маусымдағы
№ 374 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Ізгілік көмегі ретінде тауарлар әкелу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы № 1090 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., № 27, 324-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы № 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 60-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 35, 327-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы № 1090 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қарашадағы № 1494 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 40, 514-құжат).